Автор: Максутова Алтынай Бектасқызы
Пән: Қазақстан тарихы
Сынып: 5-сынып
Бөлім: Үйсіндер мен қаңлылар
Тақырып: Үйсіндер туралы жазба деректер Зерттеу сұрағы: Қытай авторлары үйсіндердің өмірін қалай сипаттады?

Оқу мақсаттары (оқу бағдарламасына сілтемеу):	5.3.1.2 – ежелгі мемлекеттік бірлестіктердің құрылуын түсіндіру ; 5.1.2.2 – әлеуметтік топтардың ерекшеліктерін түсіндіру;
Сабақтың мақсаты:	Барлық оқушылар: Үйсін тайпасының зерттелуі туралы біледі; Оқушылардың басым бөлігі: Үйсін қоғамының ерекшеліктерін сипаттайды; Кейбір оқушылар: Үйсін тайпасының қоғамдық өміріндегі өзгерістерді анықтай алады
Тілдік мақсаттар:	Оқушылар: Тақырып бойынша өз беттерінше ізденіп қосымша материалдармен жұмыс істей алады. Негізгі сөздер мен тіркестер: күнби, гуньмо, Қызыл аңғар, күнби, Елжау , таңба-мөр, жеке меншік, Талқылауға арналған тармақтар: 1. Үйсіндердің орналасуы және деректер 2. Үйсіндердің шаруашылығы 3. Қолөнері мен саудасы Дамыту сұрақтары: Сіз неліктен ..... екенін айта аласыз ба? -Үйсін қоғамының әлеуметтік құрылысы мен оның мемлекеттік ұйымы несімен ерекшеленеді? - Үйсін мемлекетінің болғанын қалай дәлелдеуге болады? Жазылым бойынша ұсыныстар: кесте толтыру Айтылым бойынша ұсыныс: дәлелдемелер, сұрақ-жауап
Күтілетін нәтиже:	
Бағалау критерийлері:	Үйсін мемлекеттік бірлестігінің құрылу алғышарттарын анықтайды *Үйсін мемлекетінің саяси құрылымын атайды. *Үйсін мемлекетінің басқару жүйесін біледі; *Үйсін мемлекетінің әлеуметтік құрлымын атайды.
Құндылықтарды дарыту:	Т.Тұрлығұлов «Қазақ елінің қысқаша тарихы» Алматы «Рауан»1996. «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» бағдарламасының 2-ші «Қоғамымыздағы ұлттық бірлік, бейбітшілік пен келісім» бағытымен байланыстыру.
АКТ-ны қолдану дағдылары:	Интерақтивті тақта, ноутбук
Пәнаралық байланыс:	Дүниежүзі тарихы, қазақ әдебиеті
Бастапқы білім:	Ерте темір дәуірінде Жетісу жерінде өмір сүрген тайпалар өркениеті

Сабақ барысы

Сабақ кезеңдері	**Жоспарланған іс-әрекет**	**Ресурстар**

Сабақтың басы (8 минут)	1.Сәлемдесу, Сергіту және ынтымақтастық ахуал «Әдептілік белгісі» Ұйымдастыру кезеңі Қайталау сұрақтары «Ия. Жоқ» 1.Тасмола мәдениеті екі жерлеу орындарынан тұрады- 2.Томирис тиграхауда сақтарының патшайымы – 3.Ескендір Зұлқарнайынды кері шегінуге мәжбүр еткен сақтар мен соғдылар – 4. «Бәйгетөбе» обасынан «Алтын киімді патшаны» тапқан археолог К. Ақышов – 5. Есік қорғанынан табылған «Алтын адамның» саусағында екі алтын жүзік болған – 6. Савроматтар тиграхауда тайпаларымен көрші болған – 7. Берел патша қорымдарын жасаушылар «алтын қорушы самұрық тайпалары» дейді ежелгі грек тарихшылары - 8. Бесшатыр қорымынан 12 жебе түрі кездескен- **Саралау тәсілі:** бағалау **Дескриптор:** ерте темір діуірінің кейбір оқиғаларын атайды **Бағалау**: смайлик , жұлдызша	Кеспе қағаз

Сабақтың ортасы (24 минут)	Мәнмәтінмен жұмыс: Бөліп оқу, топта талқылау - **1-тапсырма:** «Көңілді гүлдер» әдісі мен мәліметтерді жіктеу (әр оқушы гүл күлтешесіне бір дәлелдеме жазады, оқиды, соңынан гүл құрастырады) 1-қатар: Көк гүлдер - деректер, мәліметтер 1.Орналасқан жері 2.Қытай деректері 3.Ғылыми деректер 4.антропологиялық дерек 5.археологиялық дерек 2-қатар: Қызыл гүлдер –«Тақырыптағы жаңа сөздер» 1.абыз, 2.гуньмо, 3.бек, 4.Қызыл –Аңғар (ЧигуЧень) 5.Таңба- мөр 6.үйсін 7.Жеке меншік 8.Күнби 3-қатар: Сары гүлдер – «Сандар сөйлейді» 630 188000 (288000) Б.з.б. III ғ. 4-5 107 1000 Б.з.б. II ғ. **Саралау тәсілі:** Жіктеу **Дескриптор:** Үйсіндер туралы деректер айтады Жаңа сөздерге анықтама береді Тақырыптағы сандар мен мерзімдерді сипаттайды **Қалыптастырушы бағалау:** смайлик , жұлдызша арқылы топтық бағалау **2-тапсырма**: Берілген жаңа тапсырманы «Жүзім шоғы» әдісі арқылы түсіндіру 5e4239bd373ec.png Image not found or type unknown 1-қатар2-қатар3-қатарШаруашылығыҚолөнеріСауда байланыстары **Саралау:** тапсырма **Дескриптор:** үйсін тайпасының шаруашылығын сипаттайды; үйсін тайпасының қолөнерін сипаттайды; үйсін тайпасының сауда байланысын сипаттайды; **Қалыптастырушы бағалау:** смайлик , жұлдызша арқылы топтық бағалау **3-тапсырма:** Кесте толтыру, топтар арасында тексеру, қорытынды тексеруді мұғалімнің өзі жүргізеді. **Үйсіндер туралы деректер**Үйсіндер туралы деректерді қайданаламыз? **Үйсіндердің шығу тегі** **Аумағы** **Ордасы** **Халқының саны** **Бет-бейнесі** **Қоғамдық құрылысы** **Кәсіптері** Саралау: тапсырма Дескриптор: үйсін тайпасы туралы мәліметтер жазады Қалыптастырушы бағалау: смайлик арқылы топтық бағалау	Деректер, суреттер сары, қызыл, көк қағаздар Жүзім шоғы суреті, Деректер суреттер
Сабақтың соңы (5-6 минут)	Қорытынды: Кері байланыс «ББҮ» әдісі БілемінБілгім келедіҮйрендім Үйге тапсырма: Үйсіндер туралы жазба деректер - кластер жасау	Кесте сызылған кеспе қағаз

Рефлексия (2 минут)	-Сабақ/оқу мақсаттары СМАРТ талабымен оқулық бойынша жас ерекшеліктеріне сәйкестендірілді. - Сынып оқу мен оқытуда көп қадағалауды қажет етеді. - Жоспарланған саралау шаралары бойынша оқыту тапсырмаларына белсенді қатысты. -Оқушыларды бірін-бірі оқытуға дағдыландыру арқылы уақытты тиімді пайдалануға үйрету керек. -жоспарға өзгеріс енгізген жоқпын.	
Қорытынды бағамдау: (1 минут)	**Қандай екі нәрсе табысты болды (оқытуды да, оқуды да ескеріңіз)?** 1: «Көңілді гүлдер» әдісі мен мәліметтерді жіктеу (әр оқушы гүл күлтешесіне бір дәлелдеме жазады, оқиды, соңынан гүл құрастырады) 2: Үйсіндер туралы мәлімет кестесін толтыру: топтар арасында тексеріп, бағалауы және қорытынды тексеруді өзімнің жүргізуім. **Қандай екі нәрсе сабақты жақсарта алды (оқытуды да, оқуды да ескеріңіз)?** 1: Бірлескен оқу 2: Оқушылардың белсенділігі **Сабақ барысында мен сынып немесе жекелеген оқушылар туралы менің келесі сабағымды жетілдіруге көмектесетін не білдім?** 1- Оқушыларға деңгейіне қарай жеке тапсырмалар беру; 2 - Оқушыға тапсырма орындау барысында сенім көрсету, 3 - Кейбір оқушылар үшін ЖАДА әдістерін түрлендіру 4 - Мүмкіндігінше оқушыларды шығармашылық жұмыстарға тарту	Видео